

Жуалы ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Жуалы аудандық мәслихатының 2024 жылғы 29 наурыздағы № 19-6 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 2 сәуірде № 5188-08 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Жуалы аудандық мәслихатының 2025 жылғы 22 желтоқсандағы № 58-6 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Жуалы аудандық мәслихатының 22.12.2025 № 58-6 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес, Жуалы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жуалы ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесі салық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4%-дан 2%-ға төмендетілсін.

2. Жуалы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 11 желтоқсандағы № 12-3 "Жуалы ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5132 болып тіркелген) шешімінің күші жойылсын.

3. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Жуалы аудандық мәслихатының төрағасы

З. Бурлибаев